

## 1-БЛОК: Информатика

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Insert, backspace, delete пернелері
  - A) функционалдық
  - B) алфавитті-сандық
  - C) редакциялау
  - D) арнайы
  - E) курсормен басқару
2. Жұмыс столын алмастыру буферіне көшіру үшін төмендегі пернені басады
  - A) Print Screen
  - B) Page Up
  - C) Ctrl+V
  - D) Shift+Del
  - E) Ctrl+>+C
3. Windows жүйесіндегі компьютерлік алфавиттік символдар саны
  - A) 128-ден аспайды
  - B) 8
  - C) 0-ден 256-ға дейін
  - D) 1-ден 250-ге дейін
  - E) 16
4. Стандартты программалар
  - A) Менің компьютерім, Менің құжаттарым, Қоржын
  - B) Тақырып жолы, Мәзір жолы, Аспаптар тақтасы, Сырғыту сызғышы
  - C) Word Pad, Блокнот, Калькулятор, Paint
  - D) Монитор, принтер, сканер, модем
  - E) MS Word, MS Excel, MS Access
5. Windows амалдық жүйесінің ең маңызды ерекшелігі
  - A) жоғары сенімділікті талап ететін міндеттерді шешеді
  - B) тұйық жұмыс ортасы, графикалық көптерезелі интерфейсті жүйе
  - C) тек бір ғана пайдаланушының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді
  - D) командалық интерфейсті жүйе
  - E) бір уақытта бірнеше пайдаланушының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді

6. Операциялық жүйені жүктеу үшін

A) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, command.com, ramdrive.sys дискілік файлдары, енгізу-шығарудың базалық жүйесі

B) іске қосу – бағдарламалар

C) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, Io.sys және Msdos.sys файлдары, config.sys, command.com, autoexec.bat файлдары, Windows операциялық жүйесінің логотипі

D) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, command.com жүйелік файлы, autoexec.bat және config.sys файлдары, Windows операциялық жүйесінің логотипі

E) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, autoexec.bat, command.com файлдары, Windows операциялық жүйесінің логотипі

7. CTRL+N клавиштарын басқанда Microsoft WORD текстік процессорында қандай өзгеріс болады

A) жаңа құжат құру

B) ашу

C) сақтау

D) мәлімет қою

E) көшіру

8.  түймешенің қызметі

A) белгіленген символдарды бір түспен бояу

B) белгіленген шрифт

C) белгіленген символдар үшін жартылай толық шрифт

D) белгіленген символдар

E) белгіленген символдар үшін жартылай толық курсивті шрифт

9. Мәтіндік редактор дегеніміз

A) машиналық кодкөмегімен жазылған, мәтінді символдық тілде автоматты түрде аударуға арналған программа

B) мәтіннің баспаға шығар алдында қатесін түзеумен айналасатын баспа жұмысшысы

C) іс қағаздар өндірісі, редакциялы баспалық қызметте мәтіндік ақпараттармен жұмыс істеуге арналған программа

D) мультимедиялы ойындық программа құру кезіндегі суреттерді өңдеуге арналған программа

E) құжаттар құру кезіндегі дербес компьютердің ресурстарын басқаруға арналған программа

10. MS Word-та қанша табуляция маркері бар

- A) 8
- B) 4
- C) 1
- D) 6
- E) 2

11. CTRL+P клавиштарын басқанда Microsoft WORD тексттік процессорында қандай өзгеріс болады

- A) ашу
- B) баспаға шығару
- C) мәлімет қою
- D) сақтау
- E) көшіру

12. MS Word-та қаріпін өзгеру жолы былай болады

- A) қою-макрос
- B) түр-бет
- C) түр-орфография
- D) басты-шрифт
- E) кірістіру-қою

13. MS Word мәтіндік процессорында жанама мәзірді шақыру үшін қолданылатын пернелер комбинациясы

- A) Shift+F10
- B) Ctrl + Alt
- C) Alt + Esc
- D) Alt + F10
- E) Shift +F1

14. Мәтінді редакциялау деп

- A) берілген мәтінге өзгерістер енгізу процесі
- B) дискіге файлдарды сақтау процесі
- C) сырттан түскен мәліметтерді санау процесі
- D) мәтіндік ақпараттарды компьютер желісі арқылы жіберу
- E) керексіз мәтіндік файлдарды жою процесі

15. MS Word-та белгіленген мәтін астын сызатын пернелер комбинациясы

- A) Ctrl+Shift+↑
- B) Ctrl+Shift+=
- C) Ctrl+Shift+W
- D) Ctrl+=
- E) Ctrl+Shift+A

16. Автоформаттау кезіндегі өзгерістер неге байланысты

- A) Сервис – Автотолтыру /Сервис - Автозамена/ командасын орындағанда ашылған сұхбат терезеде тағайындалған параметрлерге байланысты
- B) Сервис – Параметрлер командасын орындағанда ашылған сұхбат терезеде тағайындалған параметрлерге байланысты
- C) Мәтіндік редактор орнатылған кездегі тағайындалған параметрлерге байланысты
- D) Автоформаттау кезінде өзгерістер болмайды
- E) Автоформат командасының қандай мәтін элементіне орындалғанына байланысты

17. Мәтінді редакциялау дегеніміз

- A) берілген мәтінге өзгерістер енгізу процесі
- B) мәтінді дискіге мәтіндік файл ретінде сақтау процесі
- C) мәтіндік ақпаратты компьютерлік желі арқылы жіберу
- D) сыртқы есте сақтау құрылғысындағы мәліметтерді оқу процесі
- E) мәтіндік файлдың қажет емесін жою

18. Құжатқа мәтінді енгізу кезінде <Enter> пернесін \_\_\_\_\_ басу керек

- A) әрбір абзацтың соңында
- B) әрбір бағанның соңында
- C) әрбір беттің соңында
- D) әрбір сөзден кейін
- E) әрбір жолдың соңында

19. Мәтіндік редактордағы меңзер жағдайын анықтауда көрсетіледі

- A) жол мен қатар нөмері
- B) терілген мәтіндегі жолдар саны
- C) мәтін көлемі
- D) мәтін бетінің нөмері
- E) мәтіндегі символдар саны

20. WORD процессорында абзацты ерекшелену үшін, сол абзацта ...тінтуірді

- A) үш рет шерту
- B) екі рет шерту
- C) Shift пернесін басулы күйде ұстап тышқанды шерту
- D) Ctrl пернесін басулы күйде ұстап тышқанды шерту
- E) бір рет шерту

21. MS Word редакторында құжатты бағандарға (колонка) бөлу командасы қай жолақта (лента) орналасқан

- A) түр
- B) кірістіру
- C) сілтеме
- D) беттер параметрі
- E) басты

22. Бет нөмірлерінің форматы қалай өзгертіледі

- A) колонтитулдар саймандар тақтасындағы Бет нөмірлерінің форматы (Формат номера, страниц) батырмасын шерту арқылы
- B) кірістіру – Бет нөмірлері (Вставка – Номера страниц) командасын орындағанда шыққан сұхбат терезеде Формат батырмасын шерту арқылы
- C) кез келген беттің нөмірінде тышқанды екі рет шертіп, пайда болған Колонитуалдар саймандар тақтасында Бет нөмірінің форматы (Формат номера страниц) батырмасын шерту арқылы
- D) кез келген беттің нөмірінде тышқанды екі рет шертіп, Формат – Шрифт командасын орындау арқылы
- E) бет номері қойылғаннан кейін оны өзгерту мүмкін емес

23. Векторлық графиканың негізгі объектілері

- A) сызық
- B) геометриялық фигуралар
- C) нүкте
- D) математикалық формула
- E) пиксель

24. Нүктелер жиынымен көрсетілетін графика не деп аталады

- A) фрактальдік
- B) сәуле
- C) растрлық
- D) векторлық
- E) декарттық

25. Растрлық графикалық редактордың түсін өзгертуге болатын минимал объект дегеніміз

- A) белгіленген аймақ
- B) символ
- C) графикалық қолданыстар
- D) түзу сызық
- E) пиксель

26. Интернетке қосылған компьютерде болу керек

- A) Домендік атау
- B) Web-бет
- C) FTP программа
- D) IP-адрес
- E) Сервер

27. Paint редакторындағы бүріккіш құралы қолданылған аймағындағы бейнені бояйды

- A) бейнені өшіреді
- B) көрінбейтін түске (прозрачный)
- C) фон түсімен
- D) сызық түсіне
- E) құйып алады

28. Жұмыс кітабы

- A) жұмыс үстелі
- B) Ms Excel электрондық кестенің құжаты
- C) жұмыс кеңістігі
- D) бағаналар мен жолдардың қиылысқан жері
- E) ұяшықтардың жиыны

29. Microsoft Office-тің құрамына кіретін Microsoft Excel бағдарламасының түсінігі \_\_\_\_\_ жұмыс істеуге арналған

- A) мәтіндермен
- B) мультимедиямен
- C) графикамен
- D) деректер базасымен
- E) сандық кестелермен

30. MS Excel кестелік процессорының жұмыс кітабындағы жолдардың адресі көрсетіледі

- A) латын алфавитімен
- B) A,B,...Z,AA,AB...
- C) 16384,1048576
- D) 16384
- E) 1-1048576 сандармен

31. Ұяшықтың абсолютті адресі бұл

- A) формуланы көшіргенде немесе жылжытқанда ұяшық адресіне сілтеме сақталатын ұяшық адресі
- B) формуланы басқа параққа көшіргенде ғана өзгертін ұяшық адресі
- C) формуланы тек жылжытқанда ғана өзгермейтін ұяшық адресі
- D) активті ұяшықта қолдануға болатын формулалар тізімі
- E) активті ұяшықтағы берілгендер немесе формула

32. MS Excel-де 20000 саны экспоненциалды түрде жазылуы

- A) 2,00E+04
- B) 2,00E+03
- C) 02,E+04
- D) 2,00E+05
- E) 20000

33. Реляциялық деректер базасында пайдаланылатын өрістердің негізгі типтерін көрсетіңіз

- A) ақшалай, экспоненциалдық, логикалық
- B) бүтін, нақты, жолдық, диапазондық
- C) сандық, символдық, даталық, логикалық
- D) пайыздық, жалпы, сандық
- E) қаржылық, мәтіндік, бөлшектік

34. Деректер қорындағы мәтіндік типтегі символдар саны

- A) 255
- B) 32000
- C) 34000
- D) 64
- E) 256

35. D5 пен D7 ұяшықтарындағы сандардың айырмасы

- A) =D5-D7
- B) =D5/D7
- C) #D5-D7
- D) \$D5-\$D7
- E) =\$D5-\$D7

36. MS Excel электрондық кесте ұяшығының мазмұнын жою үшін

- A) Ұяшықты бөліктеп Delete батырмасын шерту
- B) Ctrl және Shift батырмасын бірге шерту
- C) Esc батырмасын шерту
- D) Ұяшықты бөліктеу
- E) Enter батырмасын шерту

37. «Макрос» дегеніміз

- A) Жұмыс парағының бір немесе бірнеше формулаларына қоятын мәндер тізбегінің нәтижелерінен тұратын деректер блогы
- B) Модель бетінде жазылған командалар тізбегі
- C) MS Excel-ді ашқан сайын пайда болатын құпия кітап
- D) Мәліметтер қоймасы
- E) Файл

38. POWER POINT бағдарламасында құрылған файл

- A) Құжат
- B) Кітап
- C) Деректер қоры
- D) Презентация
- E) Слайд

39. Power Point-та Әдеттегі режимнің (слайд режимі) мүмкіндіктері

- A) тақырыптар мен презентацияның негізгі мәтінін өңдеу
- B) слайдтардың орналасу ретін, өзара байланысын, қисындық құрылымын түзету
- C) анимация және алмасу әсерімен тұтынушы бақылайтындай түрде экранды тұтастай көрінеді
- D) слайдтың әртүрлі элементтерін теруге, түзетуге, қосуға анимациясын баптауға болады
- E) ескертпелер жазылған толық экранды слайдты бейнелейді

40. PowerPoint көрмесіне автоматты түрде жаңа слайд қосу үшін

- A) "создание слайда" диалогтық терезесі
- B) жанама мәзірден слайд қосу
- C) стандартты тақтадағы "Құжат ашу"
- D) стандартты тақтадағы "Құжат сақтау"
- E) "безендіру шаблонын қолдану" диалогтық терезесі

41. Слайдтардың бірінен-біріне өту кезінде ауысудың түрлерін көрсетіңіз

- A) жай, орта, тез
- B) тез, тігінен
- C) тышқан батырмасын басу
- D) автоматты
- E) калыпты

42. MS PowerPoint программасында слайдтар демонстрациясы кезінде бірінші слайдқа ауысу үшін

- A) тінтуірдің оң жақ батырмасын басады
- B) Ctrl+1
- C) PageUp
- D) тінтуірдің екі батырмасын басып, 2 секунд ұстап тұрады
- E) F1



43. Алғашқы желінің атауы

- A) INTRANET
- B) ARPANET
- C) BBS (bulletin board system)
- D) Internet
- E) WAN (Wide Area Network)

44. IP – адресі

- A) интернет-браузердің атауы
- B) internet желісіне кіру үшін пароль
- C) нақты бір компьютердің, құрылғының атауы, 32 биттік сан
- D) нақты бір компьютердің географиялық орналасуы
- E) қолданушының нақты аты

45. Байланыс деңгейі дегеніміз

- A) электрондық хабарларды қабылдау мен жіберу
- B) сұхбаттасуды ұйымдастыру мен синхронизация жасау
- C) ақпаратты түрлендіру
- D) желі бөліктерін біріктіруге негізделген ақпаратты тасымалдаушылар конфигурациясы
- E) ақпаратты жіберуді қамтамасыз ету

46. IP – адрес

- A) internet желісіне кіруге арналған пароль
- B) қолданушының нақты аты
- C) интернет-браузердің атауы
- D) нақты бір компьютердің, құрылғының атауы, 32 биттік сан
- E) нақты бір компьютердің географиялық орналасуы

47. Web файлдардың кеңейтілімін көрсетіңіз

- A) графикалық файл кеңейтілуі GIF немесе JPG
- B) кеңейтілуі txt немесе doc
- C) кеңейтілуі com немесе html
- D) кеңейтілуі com немесе exe
- E) кеңейтілуі htm немесе html

48. Көшу операторы

- A) goto
- B) case
- C) label
- D) for
- E) if...then

49. Паскаль тілінде жазылған программа орындағаннан кейінгі  $n=5$  болғандағы  $s$ -тің мәні

```
program a4;  
var i,s:integer;  
begin  
  writeln('n санын енгіз: ');  
  readln(n);  
  s:=0;  
  for i:=2 to n do  
    s:=s+i;  
  writeln('s=',s);  
end.
```

- A) 13
- B) 14
- C) 12
- D) 11
- E) 15

50. Есептеу барысында мәндері өзгермейтін шамалар

- A) тұрақтылар
- B) өрнектер
- C) айнымалылар
- D) теңдіктер
- E) амалдар

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. КОМПЬЮТЕР сөзінде \_\_\_\_\_ бит

- A) 72
- B) 512
- C) 64
- D) 9
- E) 32
- F) 8

52. Ақпараттық үрдіске ... жатады

- A) талдау
- B) оқу
- C) зерттеу
- D) жеткізу
- E) сақтау
- F) есептеу
- G) өңдеу
- H) еселейді

53. Пікірлердің ақиқаттығы

- A) Ай – Жер серігі
- B) Барлық аю күрең түсті
- C) Сканер – ақпаратты шығару құрылғысы
- D) Астана – Қазақстанның астанасы
- E) Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы
- F) Принтер – ақпаратты енгізу құрылғысы
- G) Жолбарыс – жыртқыш аң
- H) 2 саны – тақ сан

54. Вирусқа қарсы программалар түрлері

- A) Жүйелік
- B) Жүктейтін
- C) Доктор-программалар
- D) Детекторлар
- E) Полифагтар
- F) Файлдық
- G) Ревизорлар
- H) Макровирустар

55. Компьютердің жылдамдығының (тактілік жиілігінің) анықталуы
- A) өлшемдер санымен
  - B) процессордың маркасымен
  - C) орнатылған операциялық жүйенің жұмысымен
  - D) процессордың бір секундта орындайтын амалдар санымен
  - E) қатқыл дисктің ақпарат сыйымдылығымен
  - F) жедел жадының көлемімен
56. Принтер мына түрлерге бөлінеді
- A) сәулелік
  - B) сия бүріккіш
  - C) матрицалы
  - D) функционалдық
  - E) лазерлік
  - F) санды
  - G) электрондық
  - H) графиктік
57. Жекелеген нысанды вирустың бар-жоғына тексеру
- A) тінтуірдің сол жақ батырмасын басып, жанама мәзірден Вирусқа тексеру
  - B) жекелей тексеруге болмайды
  - C) тінтуірдің сол жақ батырмасын басып, жанама мәзірден Ортақтастыру және қауіпсіздік
  - D) тінтуірдің сол жақ батырмасын екі рет шертіп вирусқа тексеру
  - E) тінтуірдің оң жақ батырмасын басып, жанама мәзірден Ортақтастыру және қауіпсіздік
  - F) тінтуірдің оң жақ батырмасын басып, жанама мәзірден Вирусқа тексеру
58.  $100 \bmod 10$  өрнегінің типі
- A) integer
  - B) boolean
  - C) string
  - D) writeln
  - E) byte
  - F) real
59. Көрсетілу әдісіне қарай модельдердің жіктеледі
- A) ақпараттық
  - B) оқу моделі, тәжірибелік, ғылыми-техникалық, ойын, имитациялық
  - C) материалдық, ақпараттық
  - D) статистикалық, динамикалық.
  - E) ауызша, математикалық
  - F) геометриялық, құрылымдық

60. Объектілерді, процесті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету:

A) Сараптау

B) Формальдау

C) Салыстыру

D) Алгоритмдеу

E) Синтездеу

F) Анализдеу

G) Модельдеу

H) Программалау

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

«Информатика және қолданбалы математика» бөлімінің 3 студенті «Программалау тілдері және программалау технологиясы» тақырыбында ғылыми жоба қорғамақшы болды. Олар Паскаль программалау тілінде графикалық CRT модулі арқылы геометриялық объектілерді жылжытып, Паскаль тіліндегі сандық сағаттарды ойлап тапты.

61. Графикалық режимнен шығу үшін қолданылатын процедура

- A) SetGraphMode
- B) MoveClose
- C) CloseGraph
- D) MoveRel
- E) ResoreCRTMode

62. Экранды басқару блогы

- A) бейнеадаптер
- B) дисплей
- C) контроллер
- D) бейнебуфер
- E) бейнемонитор

63. Паскаль программалау тілінің авторы

- A) Блез Паскаль
- B) Тим Бернес Ли
- C) Никлаус Вирт
- D) Бьерн Страуструп
- E) Марк Цукерберг

64. Паскаль тілінде дисплейімен перне тақтаны босқылатын кітапханалық модуль

- A) Text Mode
- B) CRT
- C) Background
- D) USES GRAPH
- E) InitGraph

65. Нүкте салу операторы

- A) Line
- B) PutPixel
- C) SetLineStyle
- D) MoveTo
- E) Linerel

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

10 желтоқсан – Бағдарламаушылар күні. Бұл күнді осы мамандықтың алғашқы өкілінің туған күніне орай қойғаны мәлім. 1833 жылы ағылшын ғалымы Чарльз Бэббидж аналитикалық машинаның жобасын жасап шығарды. Программалар кодталып перфокарталарға түсірілді. Бұл әдісті Бэббидж тоқыма станоктарындағы амалдарды бақылауға алғаш пайдаланған француз өнертапқышы Ж.Жаккардтан алды.



Бэббидждің ойынша бұл командалар жұбын және мәліметтерден тұратын топтарын бірте-бірте енгізгенде автоматты түрде әр түрлі есептеулер орындауы тиіс еді. Картадағы тесіктердің орналасу тәртібін және карталардың келу ретін өзгертіп, есептеу ретін өзгертуге болатын еді. Жобаның меценаты (қамқоршысы) – белгілі ақын Джорж Байронның қызы графиня Ада Лавлейс (Ada Lovelace) осы «аналитикалық машинаның» программисті болды. Ондық жүйенің орнына екілік жүйені қолдану қажеттілігіне Бэббидждің көзін жеткізген сол Ада Лавлейс болды. Ол осы күнге дейін көкейтесті болып келетін программалаудың негізгі принциптерін жасады. Оның құрметіне 1979 жылы жасап шығарған алгоритмдік тіл Ada – деп аталды.

66. Алгоритмнің нақты бір мәселені ғана емес, бүкіл біртекті мәселелерді шешу мүмкіндіктері қасиеті
- A) нәтижелілігі
  - B) жалпылығы
  - C) формальды логикалылығы
  - D) дискреттілігі
  - E) анықтылығы



67. Төменгі деңгейлі программалау тіліне жатпайтын программалау тілі

- A) Ассемблер
- B) Pascal
- C) CIL
- D) Fort
- E) Microsoft.Net

68. Әлемдегі ең алғашқы программист

- A) Чарлз Бэббидж
- B) Джон Непер
- C) Ада Лавлейс
- D) Дж. Фон Неман
- E) Блез Паскаль

69. Алғашқы есептеу автоматының құрастырушысы

- A) Чарлз Бэббидж
- B) Джон Непер
- C) Блез Паскаль
- D) Герман Холлерит
- E) Дж. Фон Неман

70. Орындаушы белгіленген мақсатқа жету үшін бағытталған іс-әрекеттердің тізбектеліп орындалуы

- A) тәсіл
- B) программа
- C) алгоритм
- D) модель
- E) сызба

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**